Жалпытуркілік тектілден (протоязык) өрбіп, өзара тоғысу, қайта ыдырау тәрізді тілдік үдерістерді бірнеше мәрте басынан өткізген, өзіндік ерекшеліктерімен, бітім-болмысымен сараланатын, сан ғасырлық дербес даму жолынан өтсе де жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан қазіргі түркі тілдерінің қалыптасу ерекшеліктерін, өзара туыстық деңгейін анықтауға арқау болып отырған құнды тілдік дерек – ҮІІ-ІХ ғасырлардан жеткен көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі түркі жазба тілінің бізге жеткен ең көне нұсқасы болғандықтан қазіргі барлық түркі тілдеріне тән басты фонетикалық, грамматикалық зандылықтардың бағыт- бағдарын, өткен кезендердегі қалып-күйін, 23 ортақ лексикалық жүйенің дамуын айқындауға мүмкіндік береді. Көне жазба мұралар тілінің лексикалық құрамы, фонетикалық жүйесі мен морфологиялық, синтаксистік құрылымы, стильдік ерекшелігі қазіргі түркі тілдерінен де көрініс тауып отыруы тек табиғи-генеалогиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймайды, жалпытуркілік рухтың, тілдік сананың беріктігіне де дәлел бола алады. Түркі халықтарының ұлттық-мәдени болмысын, тарихиэлеуметтік сипатын танытуға қызмет ететін жалпытуркілік танымды жаңғыртып, түркі жұртшылығы арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты сақтауға жол ашады. Бұл көне түркі жазба мұраларын зерттеудің тек түркілік тілтану ғылымында ғана емес жалпы түркі әлемі аясындағы өзекті мәселе екенін көрсетеді.

Көне түркі дәуірінде өмір сүріп, артына мол жазба мұра қалдырған мемлекеттік деңгейдегі түркілік бірлестіктер тек этникалық негізде ғана емес, географиялық-аумақтық негізде де құрылғаны тарихтан белгілі. Кең байтақ аумақты алып жатқан түркі елі өзіндік тілдік ерекшеліктері бар бірнеше түркі этникалық топтарын қамтығанын, сол көне тайпалардың қазіргі түркі халықтарының этностық құрамына шашырай таралғанын ескерсек, көне түркі жазбаларының барлық туркі халықтарына ортақ жәдігер, ортақ құндылық екені анық. Көне тілдің ерекше белгілері қазіргі тілдердің тек біреуінен ғанаемес, эр топтағы бірнеше тілдерден көрініс беруі де кезінде өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар жалпытуркілік ортақ жазба әдеби тілінің қолданыста болғанының күәсі. Сондай-ақ әрбір мемлекеттік деңгейдегі тайпалық бірлестіктер құрамындағы саны жағынан басым топтардың немесе билеуші тайпалардың тілі де басымдыққа ие болатынын естен шығармау керек. Соған орай, көне түркілердің қазіргі мұрагерлерінің көне түркі жазба ескерткіштеріне қатысы қаншалықты дәрежеде, үлес-салмағы қандай деген мәселелердің туындауы да занды. Қазіргі түркі тілдерінің ішінде көне түркі тілінің фонетикалық, лексика-грамматикалық құрылымын дәлме-дәл қайталайтын бірде-бір тіл жоқ. Тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан, бұл – табиғи лингвистикалық заңдылық. Сондықтан YП-IX ғасырлардағы көне түркі елінің ортақ әдеби тіліне арқау болған тайпа тілін немесе диалектісін анықтау көне жазба мұралар тілін қазіргі түркі тілдерімен бірден жеке-дара салыстыру негізінде емес, сол дәуірлерде өмір сүріп, түркі қағанаттарының құрамында болған көне тайпаларға тікелей қатысы бар қазіргі түркі тілдерінің макротоптарын құрайтын бірнеше тілдер деректері негізінде қарастырса нәтижелі болмақ. Сондай түркілік макротоптардың бірі – көне түркі бірлестіктерінің құрамында болған көне қыпшақ тайпаларымен тікелей генетикалық-тарихи жалғастықта қалыптасқан, қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ тобын құрайтын – қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, қырым татарлары, башқұрт, құмық, қарайым, қарашайбалқар халықтарының тілдері. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілі мен қазіргі қыпшақ тілдері салыстырмалы-тарихи негізде арнайы зерттеу нысаны ретінде алынбауы көне мұралар тілін оғыздық, ұйғыр-оғыздық, қырғыз-қыпшақтық сипатта тануды қалыптастырып, батыс қыпшақ тілдеріне қатысы күңгірт қалып отыр, бұл жұмыстың өзектілігінің тағы бір қырын анықтайды.

Рәміз - ерекше тарихи құбылыс ретінде байырғы түркі халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің ақиқат болмысын айқындайды. Жазба тілі мәдениеттің құбылысы және ол рухани күш. Сондықтан рәмізбен семиотикалық таңбалар арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады, өрнектейді. Мәдениеттанушы Л. Фоллерс «ұлттар мен ұлттық мемлекеттердің ең елеулі мәселелері көбіне-көп экономикаға, саясатқа және қорғанысқа қатысты емес, материалданбаған, көзге көрінбейтін рәміздерге қатысты болып келеді», - деп ой түйеді [2, 8 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, дәстүрлі түркілік дүниетанымның рәміздік астарларын айқындау ете маңызды. Байырғы түркілік рәміздерді талдау халқымыздың рухани дамуының дүниетанымдық мәселелерін козғау мен болашақ дамуының жолдарын айқындауға түрткі болмақ.

Шығу тегіміздің тамыры, асыл қасиетіміз, бай тарихымыз атабабамыз ер түріктермен байланысты екенін көрсетеді. Олай болса, көне түркі жазуының сипатын айшықтамай, түркілік болмыстың ерекшелігін түсіну мүмкін емес екені анық, ал бұл арнадағы зерттеулер соңғы жылдары ғана қолға алынып келеді. Сондықтан да байырғы түркілердің ұрпағы, жалғасы, яғни біздер үшін, бүгінгі өмір сүріп отырған ұрпақ үшін тасқа қашалып жазылған сырға толы рәміздік жазулардың деректік мағынасы мен негізгі идеясын ашу зерттеудің көкейтестілігі болмақ.

Түркілік дүниетаным жазбаларын зерттеуге негіз болған В. Томсен [3], Ядринцев, В. В. Радловтардың жасаған тұңғыш жаңалықтары [4], И. А. Батманов [5], А. М. Щербак [6], В. М. Насилов [7], Д. Д. Васильев [8], С. Е. Малов [9], Л. Гумилев [10], Л. П. Потапов [11], И. В. Стеблева [12], С. М. Ареал, Н. А. Аристов, С. Кляшторный [13], Н. А. Кононов [14], В. В. Бартольд [15], О. Маенхен-Хелфен, Ж.-П. Ру, Т. Текин, Гең Ше Мин және басқа Осы орайда, Ә. Марғұлан [16], Б. Кенжебаев, К. Аманжолов [17], А. Махмутов [18], Ғ. Айдаров [19], М. Томанов, Ә. Құрышжанұлы [20], Ә. Құрышжанұлы, Қ. Өмірәлиев [21], М. Жолдасбеков [22], Қ. Сартқожаұлы [23] Аманжолов А. С. [24], және т.б. ғалымдарымыздың байырғы түркі жазуын зерттеу саласына қосқан қомақты, мол үлестерін ерекше атап айтуға тиіспіз.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін зерттеудің жаңа белесі басталды. «Орхон ескерткіштерінің толық атласының» (М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы) жарық көруі осы бағыттағы зерттеулерді жаңа арнаға бастайтын мәдени-ғылыми өміріміздегі үлкен жаңалық болды. Сонымен бірге, Орхон-Енисей жазбаларының филологиялық, лингвистикалық қырларын қарастырған А.С. Аманжоловтың «Ежелгі түркі жазуының тарихы мен теориясы», М. Жолдасбековтың «Орхон ескерткіштері», О. Сүлейменовтің «АЗиЯ», «Тарихқа дейінгі түркілер: ежелгі түркі тілі мен жазуының пайда болуы туралы», «Жазу тілі», Қ. Сартқожаұлының «Байырғы түрік жазуының генезисі», Есенқұлов Е. [25], Келімбетов Н. [26] еңбектерінде Орхон жазбаларының фольклорға қатысы жөнінде маңызды ойлар айтылады.

Қорыта келе айпағымыз, жалпы түркілердің тарихына, мәдениетіне қатысты жазба деректер мен археологиялық ескерткіштер баршылық. Жазба деректердің негізгі тобы Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштері болып табылатыны даусыз. Сондай-ақ, қытай, араб-парсы және түркі тіліндегі жазба ескерткіштері де негізгі жазба деректер болып табылады. Қытай деректерін Н. Я. Бичурин [27], т.б., еңбектері бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Көне түркі халықтарының көне жазба ескерткіштерінің зерттелуі бүгінгі кезеңде жалғасын табуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1~A.X.Касымжанов. Рыскиева A.A. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі түркілік дүниетанымның рәміздік негіздері. Алматы 2009. 30 б.
- 2 Кажыбек Е. Древнетюркский язык в статике, в системе и в развитии. // Көне түркі жазба ескерткіштері: жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары. Алматы: Информ-А, 2005. (С. 8-13).

- 3 Томсен В. Дешифровка орхонских и енисейских надписей. // Записки Восточного отделения Русского археологического общество (ЗВОРАО). Т. VГП. вып. ГИГУ. СПб., 1894.
- 4 Радлов В., Мелиоранский П. Древнетюркские памятники в Кошо-цайдаме // Орхонские надписи. Семей: Дәуір, 2001. (С. 25-63).
- 5 Батманов И.А. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности. Фрунзе: Изд-во АН КиргССР, 1959. 218 с.; Батманов И.А., Кунаа А.Ч. Памятники древнетюрской письменности Тувы. Кызыл, 1963. 192 с.
- 6 Щербак А.М. Тюркская руника. Санкт-Петербург: Наука, 2001.-147 с.
- 7 Насилов В.М. О лингвистическом изучении памятников тюрской письменности. // Тюркологический сборник. 1972. Москва: Наука, 1973. (С.62-68.).
- 8 Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюрской рунической письменности азиатского ареала. Москва: Наука, 1983. 260 с.
- 9 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Москва- Ленинград, 1951.; Малов С.Е. Древние и новые тюркские языки. // Известия Академии наук СССР. Отд. литературы и языка. Вып. 2. —1952, (С. 141-144.).; Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков (Тексты и переводы). —Москва-Ленинград: Изд-во АН СССР, 1958. —116 с.
- 10 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. М., 1967.; Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера земли. Т.2. Л., 1979.
- 11 Потапов Л.П. Умай божество древних тюрков в свете этнографических данных. // Тюркологический сборник. –1972. Москва: Наука, 1973. (С. 265-270).
- 12 Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозномифологической системы // Тюркологический сборник. 1971. Москва: Наука, 1972. (С. 213-226).
- 13 Кляшторный С.Г. Кипчаки в рунических памятниках. // Turcologica, 1986. Ленинград: Наука, 1986. С. 153-164.;Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках. // Тюркологический сборник. Москва: Наука, 1981. (С. 131-136).; Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992.
- 14 Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (YII-IX вв). Ленинград, 1980.– (С. 22).
 - 15 Бартольд В.В. Соч., 5.- М., 1968. (С. 45).

17 К.Р. Аманжолов. Түркі халықтарының тарихы. – Алматы : Білім 2002

- 18 Махмутов А.М. Көне топонимдердщ мағынасы // Қазақ ономастикасының мәселелерг – Алматы: Ғылым, 1986. – (45-51 бб.).
- 19 Айдаров Ғ. Орхон ескерткішінің тілі. Алматы 1990 б.; Айдаров Г. Лексика древнетюркских памятников Орхон-Еисей и Таласа. Автореф. дисс... докт.филол.наук. – Алма-Ата, 1974. – 51 с.; Айдаров Г. Язык орхонского памятника Бильге-кагана. – Алма-Ата: Hayкa, 1966. – 80 с.; Айдаров F., 20. Томанов М., Құрышжанов ∂. Көне туркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 273 б.
- 20 Өмірәлиев Қ. ҮІІІ-ХІІ ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 128 б.
 - 21 Жолдасбеков М. Асыл арналар. Алматы, Жазушы 1990.
- 22 Сартқожаұлы Қ. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің атласы. – Астана, 2008.
- 23 Аманжолов А.С.История и теория древнетюркского письма. Алматы, 2003.
- 24 Есенқұлов Е. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы, 1976. – 10б.
- 25 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы, Ана тілі 1991.
- 26 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т.1-3. – М.,-Л., 1950-1953.

ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫК ЖАҒДАЙ

ҚАНАТҰЛЫ М

докторант, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

ХХ ғасырдың алғашқы жылдарындағы жүргізілген идеологиялық науқандар орталықтарда ғана емес, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына да әсерін тигізді. Қатан әкімшілік террор қазақ аулдарында азық-түлік дайындау науқаны барысында күшейіп кетті. Мұнда мал дайындау науқаны бірденақ «әскери коммунизм» уақытындағы күштеу әдісімен жүргізілді.

Дайындау ауқымы жоспарлы тапсырмалар бойынша белгіленді, бірак халықтын колынлағы малдын саны туралы бұрмаланған бірақ халықтың қолындағы малдың саны туралы бұрмаланған деректерге негізделген есеппен жүргізілді, мүмкіндігінше дұрыс мәліметтер (Қаржы халық комиссариатының салықтық есебі) бір бюрократтық сатыдан екінші бюрократтық сатыға өткен сайын ұлғаю жағына қарай айтарлықтай өзгеріп отырды (бұл қаржы органдары халықтың жасырылған көп бөлігін толық есептей алмады деген желеумен бүркемеленді). Осындай көзбояушылық пен дөрекі волюнтористік жоспарлаудың нәтижесінде жоғарыдан аудандарға қолда бар нақты мал санынан әлдеқайда көп көрсетілген тапсырмалар берілді. Осы ретте Балқаш ауданын мысалға келтіруге болады, мұнда 173 мың қара мал болды, бірақ ауданға 300 мыңға жуық малдың салғырты салынды [1, 34 б.].

Көп ұзамай «асыра сілтеу болмасын аша тұяқ қалмасын» ұраны азық-түлік дайындау науқанының айқындаушы ұранына айналды. Оның үстіне, өндіріс әдісінің көшпелілік ерекшелігіне орай, саны жағынан белгілі бір мөлшердегі малдың болуы ең төменгі өмір сүру деңгейі ретінде ғана бағаланғанымен, ел аралаған дайындаушылардың өлшемі бойынша шаруашылығында 25-30 қойы барлар «мол байлық иесі» санала бастады. Алайда мал шаруашылығының өзіндік ерекшелігі назарға алынбады, әр шаруаға әрі кеткенде 2-3-тен қой қалдырды, сөйтіп оны тығырыққа апарып тіреді. Мемлекеттік мүдде деген желеумен ауылда ауыл шаруашылық өнімдерінің басқа түрлерін дайындау кезінде де заңсыздықтарға жол берілді. Айталық, жүн дайындауды «екпінді» түрде өткізу мақсатында бірқатар жерлерде қойды қақаған қыста қырқу талап етілді, ал мұның соңы малдың малдың жаппай қырылуына ұласты. Астық іздеу барысында дайындаушылардың мал мен егін өсіретін ауылдарды кезіп, оның шаруашылығындағы тұқымға қалдырған аз ғана астығын да тартып алған оқиғалар жиі кездесті. Тіпті олардың тіршілігіне талшық етіп отырған ең соңғы дәніне дейін сыпырып алған. Мысалы, Іле және Шоқпар аудандарының малшылары бір қойын 6, 8 кг астыққа, ал жақсы атын немесе үлкен түйесін төрт пұт астыққа айырбастады. осы ауданның барлық шаруашылықтары 10 килограмнан ескі киіз тапсыруға міндеттелді; жоқтар киізді сатып алып, оны дайындаушыларға өткізуге тиіс болды. Жетіқара ауданында ескі-құсқылар мен жүн дайындау барысында өлкелік органдардың өкілдері жылқылардың жал-құйрығын да кесуді талап етті, бұған қарсы болған қазақ тұрғындарына қойдың орнына шошқа тапсыруды бұйырды [2, 125 б.].

Онтустік Қазақстан аудандарының бірінде дайындау науқаны былай жүргізілді (көргендердің айтуынша): «Азаматты шақырады (уәкіл), астық тапсыруды ұсынады. Ол астығым жоқ дейді. Сол кезде оның етігінің қонышына су құяды және түнде, 25 градус аязда көшеге тұрғызып қояды... Штабқа екіқабат әйел келеді, одан да астық талап етіледі. Ал онда астық жоқ. Оны ұрып-соғады, әйел тап сол жерде, штабта уақытынан бұрын босанады» [3, 237 б.].

Дайындаушы уәкілдердің заңсыздығының шегі болмады. Дайындалған барлық өнімдер аудандарға жергілікті халықтан «жұмылдырылған» керуенмен тасылды және бұл үшін бір тиын да төлеген жоқ. Тасымал құралдары ретінде шенеуніктер осыған қоса шаруалардың жылқыларын мініп кетті, сонымен бірге әдетте, алған жылқыларын қайтармады немесе көрінеу айдап әкетті. Азық-түлік дайындау науқаны барысында Қазақстанда шаруаларға қарсы кең ауқымды қуғын-сүргін шаралары жүргізілді. Анықталған деректер бойынша, осы кезеңде 56 498 село тұрғындарының әкімшілікқылмыстық жауапкершілікке тартылғаны, олардың 34 121-і атылғаны белгілі болып отыр. Материалдар көрсеткендей, тек үш округ (Ақмола, Перопавл, Семей) бойынша 1928/29 және 1929-30 жылдары мұнда 23 млн сомнан астам айып салынып, мүлік тартып алынды, 54 мыңнан астам ірі қара мал, 630 мың пұт қордағы астық, 258 бірлік әр түрлі құрылыстар тәркіленді [3, 238 б.].

Голощекин БК(б)П Казөлкомының 1930 жылғы 2 қаңтарда өткізілген жабық отырысында дайындау науқаны барысында, 1928 жылғы 1 қазан мен 1929 жылғы 1 желтоқсан аралығында сот органдары 125 адамды ату жазасына кескенін, ГПУ арқылы нақ осы кезенде 152 адамның атылғанын хабарлады [4, 13 б.].

Оның есесіне республика басшылары Қазақстанның бүкіл одақ бойынша дайындалатын жүннің 33 %-ын, терінің 20, бидайдың 17, еттің 10 %-ын (1928/29) тапсырғаны туралы рапорт берді. Орталыққа жіберіліп отырған кезекті есептегі мәлімдемелер бұдан да сорақы түрде «Шаруашылықтардың тауарлылығын ынталандыру» деген айдармен жарияланып отырды. Индустияландыру үшін қаражат жинау мақсатымен мемлекет 20-жылдардың екінші жартысынан бастап, салық көлемін күрт өсірді. 1926/27 жылы Қазақстан бойынша есептелген ауыл шаруашылығы салығының сомасы 1925/26 жылғымен салыстырғанда 87 %-ға ұлғайтылды. БК(б) П ОК-нің шешімімен 1928/29 жылы ауыл шаруашылығы салығы сомасы елде 400 млн сом мөлшерінде белгіленді (1927/28 жылғы 305 млн сом орнына). Оның ішінде Қазақстанда салық көлемі 23 млн.

сомға жетті. Алдыңғы төлемдік жылмен салыстырғанда, салықтық база (салық салынатын көзлер) бұл кезле онша ұлғаймаса да, оның база (салық салынатын көздер) бұл кезде онша ұлғаймаса да, оның ауыртпалығы 100 %-ға өсті. Осы жылдары 400 сом және одан да жоғары табыс салығы салынатын шаруашылықтар үшін норматив бойынша кіріске төленетін пайыздық үстемеақының мөлшері ұлғайтылды. Нәтижесінде, мысалы, 450 сом пайда табатын отбасы жандарына (отбасы мүшелеріне) салық ауыртпалығы 16 %-ға, ал 1 000 сомнан артық болса 41 %-ға өсті. Алайда бұл да жеткіліксіз шарадай көрінді және көп ұзамай «жалпы шаруалар арасынан өзінің табатын пайдасымен ерекшеленетін» шаруашылықтарға салынатын дербес салық деп аталған салық түрі де қосымша енгізілді [5, 238 б.].

Егер республикадағы астықты шаруашылықтардың 21%ына, мал өсіретін шаруашылықтардың 6 %- ына үлкен пайыздық устемемен қосымша салық салынса, 21 300 шаруашылық салықты дербес ерекше тәртіппен төлеуге міндеттелінді, оларға 8, 5 млн сом мөлшерінде салық салынды. Қостанай округінде 3 мыңға жуық шаруашылыққа дербес салық салынды, ауыл шаруашылығы салықтарының бүкіл жиынтық сомасының 34 %-ын төлеу міндеттелді, ал Орал округі аудандарының бірінде 50 ауқатты шаруашылықтар ауданға жүктелген бүкіл салық көлемінің 88 пайызын төлеуге тиісті болды. Бірқатар округтер мен аудандарда дербес салық салынғандар саны одан да көп еді және жеке кәсіпкерлікпен айналысатын табысы жоғары шаруашылықтарға салынатын салықтың көлемі олардың ойына да келмейтін ауқымда көтерілді. Бұл кездейсоқ емес-ті, салық комиссиялары қайсыбір шаруашылыққа дербес салық салған кезде, барлық жерде бірдей, оның дәлелі ретінде «мықты қорғаушылары бар», «ауқатты шаруашылық», «ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындауға теріс қарады» деген сияқты және т.б. аргументтерді алға тартты. Мұндай фактілер әсіресе Павлодар, Қарқаралы және Семей округтерінде жиі орын алды. Мал шаруашылығымен айналысатындардың қоныс аударуы, оның ішінде Қытайға көшіп кетуі соның салдары болып табылады. Қоныс аударудың жаппай сипат алғаны сонша, ол аудандарға БОАК-тің хатшысы И. Ф. Киселев басқарған арнаулы комиссия жіберілді, ол бірқатар шара қолданды. Мәселен, Семей округінде дербес салық салынған шаруашылықтардың саны 3 410-нан 1 428-ге, Павлодарда 875-тен 314-ке, Қарқаралыда 875-тен 314-ке кеміді. Дегенмен, комиссиялар кеш қимылдады, олардың іс-әрекеті жергілікті сипатта өрістеді, ал «бассыздық» барлық жерде кең етек алып кеткен болатын. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың күштеп жүргізілуі және салық ауыртпалығының күрт артуы халық шаруашылығын тұқыртуға әкеп соқтырды, тұрғындардың жаппай көшуіне мәжбүр етті, өндірістің ұйымдық құрылымында бейберекетсіздіктер орын алды. ЖЭС тарихи кезең ретінде өз мүмкіндігін аяғына дейін ашып көрсете алмай, нәтижесіз аякталды.

ӘЛЕБИЕТТЕР

- 1 Махмұтов С. Қ. Қазақ шаруаларын отырықшылыққа көшірудегі мемлекет саясаты. (ХХ ғ. 20-30 ж.ж.). – Алматы, 2008. – 137 б.
- 2 Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья (20-30 гг. XX века). Сборник документов. Часть I. – Семипалатинск, 2002. – 87 б.
- 3 Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы: Докторлық диссертация авторефераты. – Алматы, 1994. – 191 б.
- 4 Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы: Докторлық диссертация авторефераты. – Алматы, 1994. – 193 б.
- 5 Карибаев С.Ө. Тоталитарлық жүйенің Қазақстанның аграрлық саласындағы ұлт саясаты (1925-1937 ж.ж.): тарих ғылымының кандидаты диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2010. – 151 б.

ЕКІБАСТҰЗДЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТІРШІЛІГІ ТАРИХЫНАН

КУЛЬМАГАНБЕТОВА Р. А. магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ. ЕЛЬМУРАТОВА Б. Ж. т.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ,

> «Бүгінгі күнді түсініп-түйсіну үшін де, болашақтың дидарын көзге елестету үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек.»

Елбасы Н. Ә. Назарбаев

Өткенімізді танып түсіну болашағымыздың дамуына айтарлықтай септігін тигізеді, осы себептен де біз өз өлкеміздің тарихына аса мән беріп, назар аударамыз. Тарих білімі мен ғылымы кеңістігін кеңейту оның деректемелік базасымен байланысты екендігі



Сурет 1

белгілі. Қазақ тарихы мен мәдениетінің қазынасын жинақтау мемлекеттік саясатқа айналғаны да айқын. «Мәдени мұра», «Мәдени мұра», «Ұлы даланың жеті қыры» мемлекеттік бағдарламалары осыған дәлел. Дереккөздердің көбеюі тарихи зерттеудің сапасын арттыруға,

түрлі бағыттағы ізденістер жүргізуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына тұңғыш жолдауында «Біздің ортақ міндетіміз – адамдардың барлық сураныстарына тез жауап беретін «еститін» мемлекет тұжырымын жүзеге асыру, тек диалог арқылы үйлесімді мемлекет құруға болады. Сондықтан азаматтық қоғамды қолдау және нығайту, оны өзекті мәселелерді талқылауға тарту қажет»-деп атап көрсетті [1].



Сурет 2 – Естай Беркімбайұлы (1868-1946 жж.) Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері

жас ғалымдаР»

Мемлекет тұжырымын жүзеге асыру, бұл өзің туған қала тарихынан бастау алуы қажет. Екібастұз қаласының ХХ ғасыр басындағы бейнесін, қала адамдарының қым-қиғаш тіршілігін тақырып мазмұнына өзек ету тарихи білім негізінде ертеден қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Зерттеушілер көптеген шығармаға ортақ болып келетін ХХ ғасыр басындағы қала көріністерін бөліп, жүйелеп сипаттауының өзіндік мәні бар. Осы тұста туған өлкемнің рухани және материалдық бай өлке екендігін ерекше атап өткім келеді. Тек ХХ ғасыр басындағы мәдени өміріне тоқталар тұста әнші, ақын, композитор Естай Беркімбайұлы шоқтығы биік, дара тұлға болды. Павлодар облысы, Екібастұз ауданында дүниеге келген ақын бабам Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері (1939), Қазақстан Композиторлар одағының алғашқы мүшелерінің бірі (1940) болған. Мен де ақын туған Талдықамыс ауылының тумасымын. Осыған орай Талдықамыс ауылы туған жерім,

Тарихтан ойып орын алған елім. Ақын бабам кіндік қаны тамған жерім. Әуелете асқақ әнін салған елім. Әр тасы тарихымнан сыр шертеді,



Сурет 3 – Жақышжан апа, Зекен апа, Шөмшия апа, мен (Естай ата шөбересі (ортасында) Естай Беркімбайұлы 150 жыл 2018 жыл

Әр талы бесік болып тербетеді. Көліне аққу, қазы келіп қонған, Ғажайып шерткендейсің бір ертегі. Әулиелі бабалар қонған мекен, Бұл күні әр тұрғынға жұмақ екен, Маған да алтын бесік болған мекен. Бабамның салып кеткен ізіменен. Әуелете салған асқақ жырыменен, Қазаққа мәңгі мұра баба жолы. Ақ туын көтерейін әнімменен!

Осы бір өлең шумақтары ақын бабамның топырағынан нәр алып өскен менің Естай бабама арнауым еді.

Егемендігіміз ел басына қайта бұйырған шақтан бастап, еңсемізді көтеретін елеулі істер көптеп жасалуда. Ертіс-Баянның өңірі тарихи есімдері алтын әріптермен апталған аяулы тұлғаларын әспеттеп, ұлықтауда. Бұл елдіктің белгісі, Тәуелсіздігіміздің жемісі. 2018 жылы Киелі Ақкөл Жайылманың төрінде, Әулиекөлдің жағасында теңдессіз дарын иесі Естай бабамыздың 150 жылдық арнайы өткізілген дүбірлі тойы, алқалы жиын соның дәлелі болды. Жүйрігі ән мен жырдың желдей ескен, Естайдың ауылы осы кіндік кескен – деп, туған топырағында өткізілген дубірлі тойға келген қонақтар, қатпарлы тарихты Қаражар даласы осы жерді мекендеген ежелгі қауым мәдениетін құшағына алып жатқан әулиелі мекен. Бүгінде Естай бабамның туған жері әулиелі Ақкөл десе, тағы бір деректерде Қаражар ауылы деп аталады. Ал Естай Беркімбайұлы өз өлеңінде Талдықамыс ауылында туғанын атап көрсетеді. Осыған орай мен өзімді Естай бабам туған киелі топырақтан екенімді мақтан тұтып, кейінгі ұрпақ та осы жайлы нақты деректі біліп өссе екен деген ниетпен зерттеу жұмысын жалғастыруды жөн жанаймын.

Қала мәдениеті XX ғасырдың басында санқырынан зерттелген. Солардың ішінде қаланы жанды құбылыс ретінде тану кең өріс алған. Екібастұзда көмір өндіруді іске қосу кезеңі дәл осы уақытпен тұспа-тұс келеді. Осыған орай жұмыстың мақсатында Екібастұз қаласының XX ғасыр басындағы күнделікті өмір тіршілігіндегі өзгерістер мен дамуы жөніндегі тақырып бойынша ғылыми еңбектері мен тұжырымдары бүгінгі күн талаптары тұрғысынан қайта зерделеніп, тарихи маңызы толықтырылды.

Екібастұз қаласының құрметті азаматтары, Социалистік Еңбек Ерлері, Қазақстанның еңбек сіңген шахтерлері мен құрметті қызметкерлердің XX ғасыр басындағы Екібастұз қаласының күнделікті өмір тіршілігіндегі еңбектері орасан зор.



Сурет 4 – Ғаламшарымыздың кемімес көмір кені «Богатырь» тілігі, Екібастұз қаласы

Екібастұз көмір бассейнінің тарихына үңіліп, Екібастұз көмір алабы және «Богатырь» тілігі бүкіл әлемге танымал болған кезіне ерекше тоқталып, бүгінгі өнеркәсіп ерекшеліктеріне назар аударамыз. Екібастұз кен ошағы XIX ғасырдың екінші жартысында Павлодар облысының Баянауыл ауданында ашылған. 1886 жылы геологүйренуші Қосым Пшембаев көмір кен орнын кездейсоқ ашты. Пшембаев табылған орынды көршілес жатқан көлден әкелген екі басты түзбен белгілеген. Осыдан: «Екі бас түз» атауы пайда болды. XIX ғасырдың соңында екібастұздық көмірмен павлодарлық көпес А. И. Деров қызықты. Нәтижелі мен нәтижесіз іздеу-барлау шаралардан кейін көмірді ашық әдіспен өндіру туралы шешім қабылданды. Бірақ бұған Деровтың қаржысы жеткіліксіз болғандықтан, ол акционерлік қоғам құра бастады. Кейін ол «Воскресение» («Жексенбі») деп аталып кетті. 1895 жылы көктемде Деров Қасым Пшембаевпен Екібастұз кен орныныда үш барлау шахталарын орнатады (Владимирская, Мариновская, Ольговская). 1896 жылы Батыс-Сібір тау партиясының бастығы А. А. Краснопольский Екібастұзға өзінің көмекшісі – бас инженер А. К. Мейстерді жібереді, ол төрт ай шамасында көмірдің табылу орнына толық барлау жүргізді. Мейстерден кейін француздық тау инженері Жорж де Кателен келді. Кателен өзінің 1897 жылы Парижде жарық көрген «А. И. Деров пен Оңтүстік Сібірдің кен қазбаларын зерттеу очерктері» атты кітабында келесіні жазды: «Екібастұз бассейнінің көмір байлығы алып, біз оған ұқсас минералды



Сурет 5 – Ең алғаш вагонға көмір тиелді 1954 жыл 25 желтоксан

Екібастұздың батыс жағында шағын жұмыс кенті пайда болады. Белгілі ойлап шығарушы, ғалым, тілші В. Я. Новиков өзінің «Екібастұз» кітабында жазғандай, Екібастұз көмір кендері Қазақстандағы ең ірі көмір кендері болып табылған. Екібастұзда тоғыз шахта және бір ашық шахта салынды. Сондай-ақ, қоғам Екібастұз көмірін пайдалана отырып, күміс пен мыс алатын қорытқыш зауытын орналастыру жөнінде көлемді жұмыстар жүргізді. Атап айтқанда, 1900 жылдың көктемінен бастап, Екібастұз мекеніндегі Қарабидайық көлінің жағасында ұзындығы 62, ені 18, биіктігі 8 метрлік болып салынған Вознесенск мыс қорытқыш зауыты іске қосылды. 1901 жылы зауытта 258 жұмысшы істеген, 5343 тонна кен өнделіп, одан 123 тонна мыс балқытылған. Вознесенск зауыты Екібастұздан жақын дегені 7, алысы 95 шақырым қашықтықта орналасқан Көктас, Екітөбе, Күмістөбе, Елемес, Бала Қоянды, Жуалы, Жанғабыл, Сары адыр, Қазан ауыз сияқты рудниктердің мысын пайдаланған [2, 16 б.].

1918 жылы Екібастұз кен орындары ұлттандырылды. Осыдан кейін Екібастұз кен ошағының кеңестік тарихы басталады. Аталған кен орны бүкіл әлемге белгілі болды. 1939 жылы кеңестік үкімет Екібастұз кен ошағында көмірді қайта өндіру мен тіліктердің құрылысы туралы тиісті қаулы шығарды. «Екібастұзкөмір» тресі құрылды.



Сурет 6 – Темір жол құрылысы

Кент аумағында ескі құрылыстарды қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстар басталып кетті. Соғыстан кейінгі жылдарда, 1947 жылдары № 1 Ертіс көмір тілігінің (Екібастұздағы бірінші тілік) жоспары әзірленді. 1948 жылы жазда алғашқы көмір тілігінің құрылысы басталып, Екібастұз қаласының негізі қаланды. Болашақ қаланың орнында шатырлы қалашық болып орналасты, ал кейін алғашқы бірқабатты құрама үйлер пайда болды.

ХХ ғасыр басындағы Екібастұз қаласының темір жол құрылысының да өзіндік тарихы бар. Акционерлік қоғам шахта, рудник және мыс қорытқыш зауытының құрылыстарымен қатар Қызылшырпы мекенінен (қазіргі Ақсу қаласы) Екібастұздағы Старовладимирск шахтасына дейін темір жол салу жұмысын жүзеге асырды. Бұл жол алты ай мерзім ішінде салынып бітіп, сол уақытта қолданысқа енеді. Алғашқы темір жолдың құрамында 3 паровоз, 97 көмір тиетін вагон, 8 платформа, 5 тауарлық жабық вагон және бір жолаушылар вагоны болды. Өндірістің өнімдері (көмір, мыс) темір жол арқылы Воскресенск кемежайына жеткізіліп, оларды одан әрі Омбыға дейін кемемен тасуды Тюмень қаласының өнеркәсіпкерлері жүзеге асыратын.

ХХ-шы ғасырдың басында болған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс Ресейді де қамтыған уақытта Ресейдің 17 губерниясынан 5 мындай адам Екібастұзға келді. Енді Екібастұз жұмысшыларының құрамында орыстар, украиндар, татарлар т.б ұлт өкілдері болды. Сол

кездегі Екібастұз жұмысшыларының тең жартысы қазақтар болатын. Ал, бір мың адамға лайықталған Деровтың кәсіпорындарынан оларға жұмыс табудың өзі мүмкін емес еді [3].

«XX СӘТБАЕВ Ескірген техника, жұмысшылардың ауыр еңбегі мен тұрмыс жағдайы Екібастұздың тау-кен зауыты өнеркәсібінің ғұмырын көп ұзартқан жоқ. XX ғасыр басында тау-кен ісі шығыннан шықпай, өндіріс тоқырай бастады. Өндірістік дағдарыс кезіндегі бұқаралық сипат алған жұмысшылар қозғалысы Екібастұз көшпілерінің сана-сезімдерін оятуға игі ықпалын тигізді. 1900-1903 жылдары ауыр тұрмыстан титықтаған жұмысшылар Екібастұзда бірнеше рет ереуілдер жасауы оң нәтиже берді. Патша үкіметі амалсыздан мемлекет қазынасынан 25,5 мың сом босатқан. Осылайша тұрмыс жағдайларының жақсаруы мен еңбек ақыны көбейту талаптары орындалған. Осыдан кейін Екібастұз көмірін шаруашылыққа пайдалану мақсатымен ағылшын капиталисі Лесли Уркарттың қатысуымен «қырғыз (қазақ) тау-кен өнеркәсібі акционерлік қоғамы» құрылып, 1918 жылдың мамыр айына дейін жұмыс істеген. Міне, осы уақыттан бері Екібастұз қаласы өзінің жастығына қарамастан тендесі жоқ алып кәсіпорындарымен бүкіл әлемге танымал болып отыр. Қысқа ғана мерзім ішінде Қазақстанның «қара алтынды» жерінде пайда болған қала бүгінде аты аңызға айналған қала. Тек қана Екібастұзда тұңғыш рет Қазақстанда көптеген алдыңғы қатарлы технология өмірге келді, жаңа үлгідегі құрал-жабдықтар зерттелді.

Тарихи еңбектерде көптеген қаламгерлеріміздің шығармасына арқау болған Екібастұз қаласының образын Станислав Павлович Куржейдің «Келешегі кемел қала», Василий Матвеюк «Екібастұз және оның еліміз үшін мәні», Олег Кожаев «Екібастұз жылу электр орталығы», т.б. шығармаларынан көруімізге болады. 1957 жылдың 12 маусымында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумы Жарлығымен жұмысшы кенті облысқа бағынышты Екібастұз қаласы болып қайта құрылды. Бұл тек көмір өндірудің қарқынды дамуына ғана емес, жас кеншілер қаласының инфроқұрылымының жасалуына да серпін берді. Тұрғын үйлердің, мектептердің, бала бақшалардың, ауруханалардың, басқа да әлеуметтік-мәдени мәндегі нысандар құрылысы басталды [4].

Екібастұз көмір алабында шешуін күтіп тұрған мәні аса зор міндеттер мұнда жаңа ірі өндірістік құрылымдар: «Екібастузкөмір» бірлестігі, «Екібастузшахтақурылысы» комбинаты, «Екібастұзэнергоқұрылыс» тресі, «Экібастұзэнерго» өндірістік энергетикалық бірлестігін құруды талап етті. Сонымен, Екібастұз қаласының қалыптасуы қиын және күрделі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда осы кезеңде басталды. Сондықтан да, біз осы тақырып бойынша XX ғасыр басындағы Екібастұз қаласының күнделікті өмір тіршілігінің тарихын зерттеп, сонымен қатар Қазақстан тарихында Екібастұздың тууы мен қалыптасуына байланысты тарихи ғылымның қазіргі даму кезеңі бүгінгі күн талаптары тұрғысынан ғылыми еңбектердің түбегейлі тұжырымдарын анықтап, қайта зерделеп, олардың еңбектеріне объективтік баға беруіміз тиіс.

Казіргі кезде «Богатырь Көмір» компаниясы тілдікті көмірді өндірілетін жаңа автомобильды-конвейерлік технологияға ауыстыру шараларын жүзеге асырды. Сонымен бірге, көмірді ортақтандыру мен тасымалдау бойынша жаңа технологиялар дайындалды. Осындай жаңа технологияның бірегейлігі: өндірістің тиімділігін арттыру мен жерлігікті экологияны жақсарту болып табылады. Көміршілер Екібастұз көмір бассейнін игеру үрдірісін жалғастыруда. Алпыс бес жылдың ішінде екібастұздық жерде кеншілік дәстүрлер ұрпақтанурпаққа беріліп келе жатқан киелі мекен. ҚР Тұңғыш президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының аясында қабылданған «Туған жер» бағдарламасы – өлкеміздің тарихын терең танып, бізге жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, бүгінгі ұрпақ қолына табыстауға бағытталған.

ӘЛЕБИЕТТЕР

- 1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылғы 2 қыркүйек // Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. 2019 жылғы 2 қыркүйек [Электрондық pecypc]. – URL: http://www.mfa.kz/kz/brussels/content-view/poslanieglavy-gosudarstva-kasym-zomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-2sentabra-2019-goda [дата обращения 25.03.2020].
- 2 Куржей С.П. Келешегі кемел қала / гл. ред. В.И.Матвеюк, пер. на каз. яз. Ж.Садвакасов. – Экибастуз, 2012. – 495 б.
- 3 Матвеюк В. Екібастұз және оның еліміз үшін мәні: оқу құралы. - Екібастұз, 2010. - 140 б.
- 4 Кожаев О. Екібастұз жылу электр орталығы: оқырманға басылым. - Екібастұз, 2010. - 155 б.

МЫСЫР АРАБ КӨКТЕМІНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ФАКТОРДЫҢ ӘСЕРІ

КҰРМАШ С. С.

магистрант, 2 курс, Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы к.

Мысырдағы «араб көктемі» деген атаумен белгілі толқулар 2011 жылдың 25 қаңтарынан 11 ақпан аралығында Каирде, Александрияда және басқа да бірқатар Мысырдың ірі қалаларында өтті. Содай-ақ Мысыр елшіліктері орналасқан кейбір шет елдерде наразылық шерулері өткен болатын. Наразылық толқулары үкімет пен президентке қарсы бағытталған еді. Шерушілер «халық режимнің құлағанын қалайды»,- деп ұрандатты. Бұл ұрандар 1981 жылдан бері билікте болған президент Хосни Мубараққа қарсы бағытталған. Революция нәтижесінде уақытша әскери үкімет билікке келсе, содан кейін «мұсылман бауырлар» саяси ұйымының мүшесі Мұхаммед Мурси 2012 жылы президенттік сайлауда жеңіске жетті.

Президенттің отставкасымен қатар, наразылық білдірушілер төтенше жағдайдың алынып тасталуын, жұмыссыздықпен күресті, ен төменгі жалақыны көтеруді, баспана тапшылығы, азык-түлік бағасының көтерілуі, сөз бостандығы және өмір суру деңгейін жақсарту мәселелерін шешуді талап етті [1].

Кейбір сарапшылар мен журналистердің пікірінше, Мысырдағы тәртіпсіздіктердің негізгі себептері: авторитарлық режимнің 30 жыл бойы тұрақты тұруы. Нәтижесінде оппозициялық топтардың өз амбицияларын жүзеге асыра алмауы, жұмыссыздық, кедейлік, әлеуметтік теңдіктің болмауы, әлеуметтік әлсіз топтарды қорғау тетіктерінің болмауы, сонымен қатар кейбір құрылымдық және демографиялық факторлар әсер етті.

Көптеген сарапшылардың пікірінше, Египеттегі наразылықтарға Тунистегі революция себеп болып, домино эффектін тудырды. Тунис тәрізді, Мысырдағы тәртіпсіздіктердің басында қоғамдық ашу-ыза тұрды. 17 қаңтарда университет студенті Каирдегі парламент ғимаратының алдында өзін өртеп жіберді. Тунистегі толқулар сияқты, Египеттегі толқулар әлемдік ақпарат агенттіктерінде егжей-тегжейлі жарияланып, әртүрлі атауларға ие болды: «Twitter революциясы», «Жастық шақ», «Пирамида төңкерісі».

Билік елдегі толқуларды бақылауда ұстау үшін оппозиция жетекшілерін тұтқындады. Оппозиция өкілдері либералдар, исламшылар еді. Шерушілердің әрекеттері үйлесімді болмауы үшін 41 Бүкіл елде демонстрациялардың негізгі толқыны 25 қаңтардан басталды. 25 қаңтар «Қаһар күні» аталды. 19 қаңтар күні барлық революциялық қозғалыстың белсенділері тұтқындала бастады. 2011 жылғы наразылықтар Мысыр үшін «бұрын-соңды болмаған» деп газет беттерінде жариялана бастады. Ал британдық бұқаралық ақпарат құралдары Каирді «әскери аймақ» деп жариялады [2].

25 қантар (сейсенбі): «қаһарлы күн» Египет полициясы мыңдаған адамның шеруін тарату үшін көзден жас ағызатын газ қолданды. Шерушілер болса, үкіметке қарсы ұрандар айтып, президент Хосни Мубарактың отставкаға кетуін және елдегі түбегейлі реформаларды жүзеге асыруды талап етті. Көзден жас ағызатын газ қолданғаннан кейін демонстранттар тарай бастады. Бірақ көп ұзамай қайта топтасып, алаңға қайтып оралды. Олар полиция жүк көлігінің бірін төңкеріп тастады. Шерушілер парламент ғимаратына, сондай-ақ наразылық білдірушілерді таратуға тырысқан полиция қызметкерлеріне тас лақтыра бастады. Каирмен бірге Мысырдың басқа қалаларында да тәртіпсіздіктер басталды. Бір полицей мен үш демонстрант қаза тапты.

26 қаңтар (сәрсенбі): Суэцте наразылық білдірушілер полиция бөлімшесі мен Ұлттық демократиялық партияның ғимаратын өртеп жіберуге тырысты. Египет үкіметі азаматтарға қала көшелерінде топ болып жиналуға және жаппай митингілер өткізуге тыйым салды. Тhe Guardian газетінің журналисі Джек Шенкер Тахрир алаңындағы наразылық акциясына қысым көрсету кезінде Мысыр полициясы ұстаған және соққыға жыққандардың арасында жүріп ақпараттар таратып отырды [3].

27 қаңтар (бейсенбі): Суэц қаласында өрт сөндіру бөлімі өртенді. Мысырдың басқа қалаларында (Исмаилия, Александрия және т.б.) толқулар өрши түсті. Билік бұрын ұсталған 259 демонстрантты босатты. Египет полициясы үкіметке қарсы наразылық акциясына қатысқаны үшін мыңнан астам адамды қамауға алды, бірақ бұл наразылық білдірушілерді тоқтатпады. Египет қор биржасы үкіметке қарсы жаппай наразылықтар туындағанынан баға күрт төмендеді. МАГАТЭ-нің бұрынғы басшысы Мохамед Эль Барадей Венадан Каирге президенттің отставкасын талап еткен демонстранттарға қосылу үшін ұшып келді. Ұшаққа отырар алдында Эль-Барадей Хосни Мубаракты өз еркімен

отставкаға кетуге шақырды. «Ол (Мубарак) елге отыз жыл қызмет етті. Оның демалатын уақыты келді »деді МАГАТЭ-нің бұрынғы басшысы, осы лауазымындағы жұмысы үшін Нобель сыйлығын алған.

28 қаңтар (жұма): қалаларда әскерлерді орналастыру, интернет, мобильді байланыс блокадасы, «Мұсылман бауырлар» партиясының 5 жетекшісінің тұтқындалуы, Тахрир алаңының қоршауы, Александрия, Суэц, Мансури қалаларында болған қақтығыстар, соңғы күндері 9 адам өлді. Египет полициясы Каирдегі масштабты наразылық шараларын су шашып таратуға кірісті. Сонымен қатар, наразылық білдірушілерге қарсы көзден жас ағызатын газ, таяқшалар және резеңке оқтар қолданылады. Алайда, елдің әр түрлі қалаларындағы кейбір полиция қызметкерлері президенттің отставкасын талап еткен демонстранттармен біріге бастады [4].

Кешкі жағдай: наразылық білдірушілердің бақылауында Суэц каналын қосқанда, билеуші партияның филиалдарын басып алады; Луксор, Мансур, Шария, Синайдағы Эль-Мансурдағы толқулар. Александрияда құқық қорғау күштері қаладан кетеді, қалалық әкімдік ғимараты өртенді. 18.00-ден 7.00-ге дейін коменданттық сағат президент Мубарактың жарлығымен Каирде, Суэцте, Александрияда, содан кейін бүкіл елде жарияланды. Халық коменданттық сағатқа бойкот жариялайды, басқарушы Ұлттық Демократиялық партияның штаб-пәтері өртенді, Каирдегі тәртіпсіздікке қатысушылар Мысырдың сыртқы істер министрлігіне шабуыл жасауға тырысты. Басқа ғимараттарға шабуыл жасалды: теледидар компаниясының кеңсесі мен қала орталығындағы қонақ үй. Бұл полицияның жағдайды бақылауды толығымен жоғалтып, Каирдің ортасынан кетуіне байланысты. Тонаулар басталады, тонауға жол бермеуге тырысты. Кешке қарай партия ғимараты сөндірілді, мұражай ғимараты қауіп сейілді [5].

МАГАТЭ-нің бұрынғы басшысы Мохамед Эль-Барадей үй қамауына алынды. Ол 28 қаңтарда жұма намазынан кейін басталған митингіге қосылды, алайда көп ұзамай полиция оның қала бойынша қозғалысын шектеді. Каирдің орталығында әскер бронды техникалары енгізілді. Кейбір араб БАҚ-тарындағы басылымдардың хабарлауынша, 28 қаңтардағы өтпелі үкіметтің басшысы лауазымына ең ықтимал кандидат — маршал Мохамед Хусейн Тантави. Каирдегі Египет мұражайын тонауға алғашқы әрекет жасалды. Қылмыскерлер ұсталды, барлық бұзылған экспонаттарды қалпына келтірілді. Зардап шеккендердің саны бір күннің ішінде 870 адамға дейін жетті. Сегіз адам қаза тапты - бесеуі Каирде және үшеуі Суэцте. Мыңға жуық наразылық білдіруші ұсталды [6].

Хосни Мубарак 1981 жылы іс жүзінде күші жойылған вицепрезидент лауазымын қайта қалпына келтіреді. Оған Египеттің бұрынғы барлау бастығы Омар Сүлейман тағайындалды. Оны М. Мувафи алмастырды барлау бастығы. Жұмыстан босатылған Ахмед Назифтің орнына жаңа премьер-министр болып Египет әуе күштерінің бұрынғы премьер-министрі Ахмед Шафик тағайындалады. Сонымен бірге, Египет тарапынан Газа секторын қоршау іс жүзінде алынып тасталды. Мародерлер Египет перғауындарының екі мумиясын жойып, Каирдегі Египет мұражайында сирек кездесетін мысырлық ежелгі коллекцияны жұлып алуға тырысты. Бір топ қарулы адамдар Порт-Саидтегі музейді тонады [8].

Осылайша наразылақтар жалғасып, ақпан айына дейін созылды. 10 ақпан (бейсенбі): Мубарак президенттіктің бір бөлігін вице-президент Омар Сүлейманға берді. Бірақ толығымен отставкаға кетуден бас тартты. Ол 2011 жылғы қыркүйек сайлауы алдында Мысырды басқаруға ниет білдіргенін және конституцияға түзетүлер дайындағанын ұлттық арналардан халыққа жолдауында айтты. 11 ақпан (жұма): Мубарак отставкаға кетті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Коротаев А.В. Зинькина Ю.В. Египетская революция 2011 г.: структурно-демографический анализ. - [Электронный ресурс]. - URL: https://polit.ru/article/2011/03/04/egyrev/ [дата обращения 20.02.2020].
- 2 Ортокузенный брак и нестабильность на Ближнем Востоке. -[Электронный ресурс]. – URL: https://www.twirpx.com/file/1227056/ [дата обращения 20.02.2020].
- 3 Беспорядки в Египте: кому это выгодно?- [Электронный pecypc]. – URL: https://studfile.net/preview/7004169/page:3/ [дата обращения 20.02.2020].

- 4 Антиправительственные демонстрации перекинулись из иса в Египет. -[Электронный ресурс]. URL: https://afirica-in-fire. journal.com/94456.html [дата обращения 20.02.2020]. Туниса в Египет. -[Электронный ресурс]. – URL: https://afirica-in-fire. livejournal.com/94456.html [дата обращения 20.02.2020].
- 5 Egypt reaches the boiling point. SocialistWorker.org -[Электронный ресурс]. – URL: https://socialistworker.org/2011/01/26/ egypt-reaches-a-boiling-point [дата обращения 20.02.2020].
- 6 Government fact-finding mission shows 846 killed in Egypt uprising. - [Электронный ресурс]. – URL: https://www.haaretz.com/hb locked?returnTo=https%3A%2F%2Fwww.haaretz.com%2F1.5001913 [дата обращения 20.02.2020].

7 Egyptian protesters again defy curfew. - [Электронный ресурс]. - URL: https://www.express.co.uk/news/world/225998/Egyptianprotesters-defy-curfew [дата обращения 20.02.2020].

8 Egypt braces for nationwide protests. AFP (25 января 2011). - [Электронный ресурс]. – URL: https://www.thedailystar.net/newsdetail-171577 [дата обращения 20.02.2020].

ИСТОРИЧЕСКОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ НАРОДОВ АРМЕНИИ И КАЗАХСТАНА: **АРМЯНО-КЫПЧАКСКИЕ РУКОПИСИ**

ОВАННИСЯН А. Ю. докторант, Российско-Армянский университет, г. Ереван

Историческое взаимодействие народов Армении и Казахстана имеет гораздо более глубокие корни, чем история современного межгосударственного сотрудничества, установленного между двумя независимыми и суверенными республиками после распада Советского Союза в 1991 году. Изучая этапы установления и развития армяно-казахстанских отношений, можно их условно разделить на три основных периода:

- период интеграции в рамках Российской империи (XVIII-XX вв.);
- период интеграции в рамках СССР (1922-1991 гг.)
- современный период (с 1991 года по настоящее время).

В то же время, стоит отметить, что культурно-цивилизационные связи между двумя народами были заложены уже к началу нашей эры, когда с целью развития торговли между разными частями света была основана караванная дорога, связывавшая Восточную Азию со Средиземноморьем – Великий шёлковый путь [9, с. 88]. Один из путей ВШП проходил через земли Дешт-и-Кыпчака и Армянского 45 нагорья, а торговцы, проходившие по этим землям, соединяли друг с другом отдаленные регионы и народы.

Особое место в развитие взаимоотношений между народами Дешт-и-Кыпчака и Армянского нагорья занимают периоды переселения народов, вызванные определёнными внутренними или внешними процессами. По разным данным, уже на рубеже XI-XII веков на территории Армянского нагорья поселились десятки тысяч тюркоязычных племён, в том числе кыпчаки, являющиеся предками многих современных тюркоязычных народностей, чьи языки входят в одну из самых крупных по численности говорящих (более 30 млн человек) [10] языковых групп тюркских языков – кыпчакскую группу [3, с. 121]. Общеизвестно, что кыпчакские племена приняли активное участие в этногенезе казахов и образования Казахского ханств.

Конечно, возникает множество вопросов при изучении истории и культуры дописьменных кыпчакских племён, в основе которых был заложен кочевой образ жизни. На протяжении длительного времени учёные всегда соглашались в одном — наличии онтологической враждебности между кочевыми и оседлыми народами [8, с. 132]. Однако данная точка зрения потеряла свою актуальность после исследования, сохранившихся в армянском институте древних рукописей Матенадаране, письменных памятников на армяно-кыпчакском языке. Рукописи, написанные на кыпчакском языке с использованием армянской письменности, несомненно, свидетельствуют о мирном сосуществовании и взаимном общении и сотрудничестве двух обществ — кочевых и оседлых.

В наши дни армяно-кыпчакские рукописи привлекают всё большее внимание как армянских, так и казахстанских, российских и зарубежных специалистов. Изучая работы различных авторов, мы можем выделить две основные версии формирования армянокыпчакского языка:

1 Армяно-кыпчакский язык возник в XIV-XV веках в результате постепенной ассимиляции армянами кыпчакских племён, нашедших ранее пристанище на территории Армянского нагорья;

2 Армяно-кыпчакский язык стал следствием интенсивного усвоения армянами кыпчакского языка в золотоордынскую эпоху (XIII-XV вв.).

По мнению сторонников первой версии формирования армяно-кыпчакского языка (Дж. Клосон и А. Гаркавец), на рубеже XI-XII веков кыпчаки, спасаясь от нашествия монгол, нашли убежище на территории Армянского нагорья, Кавказа и

Антропатены (современная территория северо-западного Ирана). В дальнейшем, объединившись с местными народами, кыпчаки принимали активное участие в сражениях с монголами, однако в скором времени вместе с армянами, грузинами, персами и другими автохтонными народами данного региона кыпчаки были покорены монгольскими захватчиками. С течением веков кыпчаки постепенно ассимилировались с коренными жителями Армянского нагорья армянами. В результате данного процесса к концу XV века в регионе сформировалась уникальная народность - армянские кыпчаки, которые исповедовали христианство в традиции Армянской апостольской церкви и использовали армянскую письменность при написании манускриптов [7, с. 32]. Более того, из работ казахстанского учёного-тюрколога А. Гаркавца, выясняется, что некоторым степнякам-кочевникам было свойственно скрывать своё происхождение от других кочевых народностей. В Поволжье они объявляли себя «татарами», на Дону и в Нижнем Поволжье - «хазарами», или «кузарим», между Киевской Русью и Верхним Поволжьем были известны как «печенеги», уходя далее на запад к венграм и восточным славянам, объявляли себя «куманами», или «кунами», а те, кто уходили в Крым, обращались в ислам и примыкали к местным степным «крымским татарам» [4, с. 84]. По этой же логике, те, кто перебрались на Армянское нагорье, ассимилировались среди армян и стали именовать себя «эрменилер» («армяне»). Однако примечательно, что среди армян кыпчаки не утратили память о своих дальних предках. Более того, переняв армянскую письменность, кыпчаки получили ключ к просвещению и сохранению своей культуры в мировой истории.

Приверженцами второй версии формирования армянокыпчакского языка является большая часть представителей восточноевропейского (Я. Дашкевич, М. Левицкий, Т. Ковальский) и армянского учёного сообщества (Э. Вартанов, Р. Ачарян, Г. Погосян). По их мнению, многие армяне, в разные периоды истории были вынуждены покинуть Армянское нагорье, основывая колонии в различных регионах мира, постепенно перенимая язык и культуру местных народностей. Изучая труды советского историка и археографа Я. Дашкевича, отметим, что армяне на протяжении долгого времени проживали на обширной территории Золотой Орды, в том числе соседствовали с кыпчаками. Они оставались христианами Армянской апостольской церкви, что резко отличало их от прочего ордынского населения тех лет (язычники, православные и мусульмане), в деловых документах, хрониках, молитвенных и судебных записях именовали себя армянами, пользовались армянской письменностью, но переняли один из кыпчакских диалектов и предпочитали общаться на нём [5, с. 93]. Об этом в своих трудах свидетельствовали католические миссионеры, путешествующие по Золотой Орде в её ранний период (конец XIII – начало XIV вв.).

Необходимо отметить, что аналогичные случаи с этническими армянами были зафиксированы и в других регионах мира. К примеру, длительное проживание (более 300 лет) группы армян в адыгской языковой среде привело в XVIII веке к образованию на территории Северо-Западного Кавказа (современный Краснодарский край и Республика Адыгея Российской Федерации) субэтнической группе армян – «черкесогаи» («черкесские армяне»). Они переняли обычаи и традиции адыгов, перешли на черкесский (адыгский) язык, но сохранили принадлежность к Армянской апостольской церкви [5, с. 153]. На сегодняшний день существуют различные субэтнические группы армян, например, «франки» (армяне, принявшие учения католической церкви), «хемшилы» (армяне, принявшие ислам ханафитского мазхаба), «цаты» (армяне, верующие церквей византийского обряда, то есть, исповедующие богословие Халкидонского собора) и другие.

